

"Өндөуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өндеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 3-2/615 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2018 жылғы 19 қазандағы № 428 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 30 қарашада № 17846 болып тіркелді.

#### БҰЙЫРАМЫН:

1. "Өндөуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өндеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 3-2/615 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10087 болып тіркелген, 2015 жылғы 26 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өндөуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өндеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өндеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
міндетін атқарушы

Б. Бейсенғалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің міндетін

атқарушының

2018 жылғы 19 қазандагы

№ 428 бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

2014 жылғы 26 қарашадагы

№ 3-2/615 бұйрығымен

бекітілген

**Өндөуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өндеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидалары**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Өндөуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өндеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес әзірленді және тиісті қаржы жылына арналған бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде өндөуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өндеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау (бұдан әрі - субсидиялар) тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) басқарма – облыстар, респубикалық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің ауыл шаруашылығы басқармасы немесе Астана қаласының инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы;

2) жеке шот – тізілімде қамтылған, субсидиялауға арналған өтінімдерді тіркеу және олар бойынша операцияларды есепке алу мақсатында тіркелген тұлғаны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін жазбалар жиынтығы;

3) кепілдендірілген сатып алу бағасы – ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден ауыл шаруашылығы өнімін сатып алу жүзеге асырылатын, өзіндік құны мен рентабельділігі ескеріле отырып белгіленетін баға;

4) көрсетілетін қызметтерді жеткізуші – мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес басқарма айқындастын, иесі ретінде субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділікті және оны сүйемелдеуді қамтамасыз ететін тұлға;

5) өтінім – өндеуші кәсіпорындардың тереңдете өндеп өнім өндіруі үшін шикізат сатып алуға арналған субсидияларды алуға электрондық өтінім;

6) сатып алу бағасы – бәсекеге қабілетті өнім өндіру үшін ауыл шаруашылығы өніміне өндеуші кәсіпорындар ұсынуы мүмкін баға;

7) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі – субсидиялау процестерін орындау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған "электрондық үкімет" веб-порталымен өзара іс-қимыл жасауға, субсидия алуға арналған өтінімді тіркеуге, сондай-ақ өтінімді субсидиялау талаптарына сәйкестігіне автоматты түрде тексеру арқылы оны өндеуге мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып, ретке келтірілген жиынтығы;

8) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб-порталы – Интернет желісінде орналасқан, субсидиялау жүйесіне қолжетімділік беретін интернет-ресурс;

9) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялауға арналған өтінімдер, сондай-ақ қарыз алушылар, қаржы институттары туралы мәліметтердің жиынтығы және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде көрсетілген өзге де мәліметтер;

10) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдардың жиынтығы;

11) "электрондық үкімет" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттар беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 мамырдағы № 486 қаулысымен бекітілген кепілдендірілген сатып алу бағасы мен сатып алу бағасы белгіленетін ауылшаруашылық өнімінің тізбесіне (бұдан әрі – өнімдер тізбесі) сәйкес өндеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өндеп өнім өндіруі үшін оны сатып алуға жұмысайтын шығындары субсидиялауға жатады.

4. Субсидиялау кепілдендірілген сатып алу бағасы мен сатып алу бағасы арасындағы айырманы өтеуді болжайды.

Субсидиялар өндеуші кәсіпорындарға ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден, ауыл шаруашылығы кооперативтерінен, дайындаушы ұйымдар мен дара кәсіпкерлерден ауыл шаруашылығы өнімдерін ағымдағы жылдың алдыңғы жылдың төртінші тоқсанына сатып алуға кеткен шығындары үшін төленеді.

5. Субсидияларды есептеу осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес түпкілікті өнімді бастапқы өнімге қайта есептеу коэффициенті мен облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдіктерінің қаулысымен бекітілетін өнімдер тізбесіне сәйкес бағыттар бойынша сатып алынатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативтері (бұдан әрі – субсидиялар нормативі) ескеріле отырып, өнімдер тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

6. Субсидиялар нормативін айқындау үшін құрамында облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдігінің, оның ішінде Басқарманың өкілдерінен, сондай-ақ салалық қоғамдық бірлестіктердің, өндеуші кәсіпорындардың, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өнірлік палаталарының өкілдері бар комиссия құрылады. Комиссия құрамы облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің шешімімен айқындалады және бекітіледі.

Комиссия төрағасы облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімінің орынбасары болып табылады.

7. Комиссия құрамы жыл сайын қалыптастырылады және 9 (тоғыз) адамнан кем болмауы тиіс.

8. Комиссия ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің алдыңғы жылғы орташа бағалары бойынша статистикалық деректер талдауының қорытындылары бойынша жылдық инфляция деңгейін есепке ала отырып, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бойынша ағымдағы жылға кепілдендірілген сатып алу бағасын ( $B_{\text{кеп.кат}}$ ) айқындейды.

9. Комиссия алдыңғы жылғы өндеуші кәсіпорындардың дайын өніміне қалыптасқан нарықтық бағалар бойынша жиналған деректер негізінде ағымдағы жылға облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өндеуші кәсіпорындарының шикізатты сатып алу бағасын ( $B_{\text{кат}}$ ) айқындейды.

10. Шикізат сатып алу бағасын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$\mathbf{Б_{\text{сат}}} = ((\mathbf{Б_{\text{нап}} * И_{\text{иф}}}) - \mathbf{ККС} - \mathbf{Р_{\text{өндеу}}} - \mathbf{Ш_{\text{өндеу}}}) / \mathbf{K_{\text{к}}}$$

мұнда:

$\mathbf{Б_{\text{сат}}}$  – сатып алу бағасы, теңге/килограмм;

$\mathbf{Б_{\text{нап}}}$  – алдыңғы жылғы өнім бірлігінің нақты қалыптасқан нарықтық бағасы, теңге/килограмм (өндеуші кәсіпорындардың деректері немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (бұдан әрі – ҚР ҰЭМ СК) [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) ресми сайтында орналастырылатын "Бағалар және тарифтер" бөлімінің "Қазақстан Республикасындағы негізгі азық-түлік тауарларының бөлшек сауда бағасы" статистикалық бюллетені бойынша ҚР ҰЭМ СК қалыптастыратын ресми статистикалық ақпарат);

$\mathbf{И_{\text{иф}}}$  – инфляция деңгейі, алдыңғы жылға ресми статистикалық ақпарат;

$\mathbf{ККС}$  – қосылған құн салығы;

$\mathbf{Р_{\text{өндеу}}}$  – өндеудің рентабельділігі (10%);

$\mathbf{Ш_{\text{өндеу}}}$  – тікелей өндеуге жұмсалған шығындар, теңге/килограмм;

$\mathbf{K_{\text{к}}}$  – осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес түпкілікті өнімді бастапқы өнімге қайта есептеу коэффициенті.

Кепілдендірілген сатып алу бағасы мен сатып алу бағасы негізінде субсидиялар нормативі мынадай формула бойынша анықталады:

$$\mathbf{H_{\text{суб}}} = \mathbf{Б_{\text{кеп.сат}}} - \mathbf{Б_{\text{сат}}}$$

мұнда:

$\mathbf{H_{\text{суб}}}$  – өнім бірлігіне субсидиялар нормативі, теңге/килограмм;

$\mathbf{Б_{\text{кеп.сат}}}$  – кепілдендірілген сатып алу бағасы, теңге/килограмм;

$\mathbf{Б_{\text{сат}}}$  – сатып алу бағасы, теңге/килограмм.

Кепілдендірілген сатып алу бағасы мен сатып алу бағасын айқындау туралы шешім Комиссия төрағасының хаттамалық шешімімен бекітіледі.

Кепілдендірілген сатып алу бағасы мен сатып алу бағасы дайын өнім өндірісінің нормативтік рентабельділігін қамтамасыз ету мақсатында субсидиялар нормативін айқындау үшін есептік көрсеткіш болып табылады.

11. Басқарма субсидиялар нормативтерін әрбір субсидиялар нормативі бойынша негіздемелермен қоса, облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімінің, ол болмаған жағдайда, оның міндетін атқарушы адамның қолы қойылған ілеспе хатпен екі данада Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) қарауына береді. Министрліктің субсидиялар нормативтерін қарастыру мерзімі хат келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күнін құрайды.

Он нәтиже кезінде Министрлік тиісті ілеспе хатпен субсидиялар нормативтерінің бір данасын кері қайтарады.

Теріс нәтиже кезінде Министрлік қараптырудан уәжді бас тартылған хатпен субсидиялар нормативтерінің екі данасын да кері қайтарады. Бұл ретте, пысықталған субсидиялар нормативтері Министрлікке жеті жұмыс күні ішінде қайта қарауға жолданады.

Субсидиялар нормативтері облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдігінің қаулысымен бекітіледі.

Субсидиялар нормативтеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу осы тармақта көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

12. Басқарма жыл сайын тиісті жылдың бірінші наурызына дейін облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдігінің веб-порталында және интернет-ресурсында субсидиялар алуға өтінімдер қабылдаудың мерзімдері туралы, белгіленген субсидиялар нормативтері туралы хабарландыру жариялауды қамтамасыз етеді.

13. Басқарма субсидияға арналған жеке айлық қаржыландыру жоспары (бұдан әрі – қаржыландыру жоспары) бекітілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде оны субсидиялаудың ақпараттық жүйесі веб- порталына орналастырады.

## **2-тaraу. Субсидиялар алу талаптары**

14. Субсидиялар мынадай талаптар сақталған кезде төленеді:

1) өндеуші кәсіпорындардың "электрондық үкімет" веб- порталы арқылы электрондық түрде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өндеп өндіруі үшін оны сатып алуға жұмсаған шығындарын субсидиялауға өтінім беруі.

"Электрондық үкімет" веб- порталы мен субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің ақпараттық өзара іс-қимылды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

2) өндеуші кәсіпорын берген және ЭЦҚ қойылған өтінімнің субсидиялау жүйесінде тіркелуі.

Субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде жеке шоттың болуы өндеуші кәсіпорынға өтінімді субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркеуді өз бетінше жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл жағдайда өтінім беру талап етілмейді және ол тіркелген сәтінен бастап берілген болып есептеледі;

3) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен электрондық шот-фактураларды қабылдау және өндеу жөніндегі ақпараттық жүйенің ақпараттық өзара іс-қимылды нәтижесінде өндеуші кәсіпорынның ауыл шаруашылығы өнімін сатып алғанының расталуы (ауыл шаруашылығы өнімін жеткізушінің алдыңғы жылдың төртінші тоқсанынан ерте емес берілген тиісті электрондық шот-фактурасының болуы);

4) деректері субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің "Занды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған өндеуші кәсіпорынның субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде жеке шотының болуы.

### 3-тарау. Субсидияларды есептеу тәртібі

15. Субсидиялар мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$S = (V * K_k) * H_{\text{суб}};$$

мұнда:

S – субсидиялар мөлшері, теңге;

V – өндірілген өнімнің көлемі, килограмм;

$K_k$  – осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес түпкілікті өнімді бастапқы өнімге қайта есептеу коэффициенті;

$H_{\text{суб}}$  – субсидиялар нормативі, теңге/килограмм.

Егер, ауыл шаруашылығы өнімінің сатып алынған көлемі ( $V * K_k$ ) осы Қағидалардың 14-тармағы 3) тармақшасына сәйкес расталған нақты сатып алынған көлемнен асып кетсе, онда субсидиялар сомасын есептеу үшін ауыл шаруашылығы өнімінің нақты сатып алынған көлемі пайдаланылады.

### 4-тарау. Субсидияларды төлеу тәртібі

16. Өтінімдерді қабылдау өндеуші кәсіпорынның тіркелген жері бойынша тиісті жылдың 1 наурызынан бастап 1 желтоқсаны (қоса алғанда) аралығында жүзеге асырылады.

17. Субсидиялаудың ақпараттық жүйесі веб-порталы арқылы тізілім деректеріне (бұдан әрі – Жеке кабинет) қолжетімділік беру үшін:

1) өндеуші кәсіпорынның субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде өз бетінше тіркелуі үшін ЭЦҚ-сы болуы тиіс;

2) басқарма, Министрлік жыл сайын көрсетілетін қызметтерді жеткізуішіге ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзектендірілген тізімдерін жібереді.

18. Жеке кабинетте тіркелу үшін өндеуші кәсіпорындар мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) дара кәсіпкерлер үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН), аты, әкесінің аты (бар болса), тегі;

2) занды тұлғалар және шетелдік занды тұлғалардың филиалдары (өкілдіктері) үшін : бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - БСН), толық атауы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және бірінші басшының ЖСН-сы;

3) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электронды поча мекенжайы);

4) екінші деңгейдегі банктің немесе ұлттық поча операторының ағымдағы шотының деректемелері.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгертулген жағдайда, өндеші кәсіпорын бір жұмыс күні ішінде Жеке кабинетке енгізілген жеке шоттың деректерін өзгертеді.

19. Өтінімді қалыптастыру мен тіркеу Жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің осы Қағидалардың 14-тармағы 3) және 4) тармақшаларының талаптарын тексеруі үшін қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтінім қалыптастырылады;

2) өтінім субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде өндеші кәсіпорын ЭЦҚ пайдалана отырып, оған қол қоюы арқылы тіркеледі және басқарманың Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Басқарманың электрондық мекенжайына қарауға өтінім келіп түскені туралы электронды хабарлама жолданады.

Өндеші кәсіпорын Басқарма төлем тапсырмаларын қалыптастырған сәтке дейін тіркелген өтінімдегі деректердің сәйкесіздігін анықтаса, өндеші кәсіпорынның қайтарып алу себебін көрсете отырып, өтінімді қайтарып алуға мүмкіндігі бар.

20. Басқарма өтінім тіркелген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ЭЦҚ пайдалана отырып, тиісті хабарламаға қол қою арқылы оның қабылданғанын растайды. Аталған хабарлама субсидиялаудың ақпараттық жүйесіндегі өндеші кәсіпорынның Жеке кабинетінде өз бетінше тіркелген кезде қолжетімді болады.

Өтінім берушіге субсидия беруден бас тарту "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабы 2-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

21. Басқарма қаржыландыру жоспарына сәйкес осы Қағидалардың 20-тармағына сай өтінімнің қабылданғанын растиғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидиялар төлеуге арналған төлем тапсырмаларын қалыптастырады.

Субсидиялар көлемі тиісті айдағы қаржыландыру жоспарында көзделген бюджеттік қаражат көлемінен асатын өтінімдер бойынша субсидиялар төлеу келесі айда өтінім берілген сәттен бастап кезектілік тәртібімен жүзеге асырылады.

Өндеші кәсіпорындардың  
ауылшаруашылық өнімін  
терендете өндеп өнім өндіруі  
үшін оны сатып алу  
шығындарын субсидиялау  
қағидаларына 1-косымша

**Тұрғындағы өнімдердің қалыптастырылуы**

Ауыл шаруашылығы өнімінің атаяу	Терендете өнделген өнімдердің атауы	Түпкілікті өнімді бастапқы өнімге қайта есептеу коэффициенті
1	2	3
Сұт	Сары май	22,5
Сұт	Катты ірімшік	12,0
Сұт	Құрғақ сұт (майы алынбаған, майы алынған)	7,3

Өндеуші кәсіпорындардың  
ауылшаруашылық өнімін  
терендете өндеп өнім өндіруі  
үшін оны сатып алу  
шығындарын субсидиялау  
қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

## Өндеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін терендете өндеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялауға арналған өтінім

Кімге: \_\_\_\_\_  
басқармасына

(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың)

Кімнен: \_\_\_\_\_

(занды тұлғаның толық атаяу немесе жеке тұлғаның аты, экесінің аты (бар болса),  
тегі)

Маған сары май/катты ірімшік/құрғақ сұт\* өндіру үшін \_\_\_\_\_ килограмм көлемінде  
ауыл

шаруашылығы өнімдерін сатып алуға \_\_\_\_\_ теңге  
мөлшерінде

(сома цифмен және жазбаша) субсидия төлеуді сұраймын.

1. Өтінім беруші туралы мәліметтер.

Занды тұлға және шетелдік занды тұлғаның филиалы (өкілдігі) үшін:

атауы \_\_\_\_\_

БСН (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) \_\_\_\_\_

басшының аты, экесінің аты (бар болса), тегі \_\_\_\_\_

мекенжайы: \_\_\_\_\_

телефон (факс) нөмірі: \_\_\_\_\_

Жеке тұлға үшін:  
аты, әкесінің аты (бар болса), тегі \_\_\_\_\_

ЖСН (жеке сәйкестендіру нөмірі) \_\_\_\_\_

жеке басын куәландыратын құжат:  
нөмірі \_\_\_\_\_

кім берді \_\_\_\_\_

берілген күні \_\_\_\_\_

мекенжайы: \_\_\_\_\_

телефон (факс) нөмірі: \_\_\_\_\_

Жеке тұлға үшін дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама:  
орналасқан жері \_\_\_\_\_

хабарламаның берілген күні \_\_\_\_\_

2. Өндеші кәсіпорынның екінші деңгейлі банктегі немесе ұлттық почта  
операторындағы

ағымдағы шотының мәліметтері:

ЖСН/БСН (жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес-сәйкестендіру нөмірі) \_\_\_\_\_

Кбे (бенефициар коды) \_\_\_\_\_

Банк немесе почта операторының деректемелері: \_\_\_\_\_

Банктің немесе почта операторының атауы: \_\_\_\_\_

БСК (банктік сәйкестендіру коды) \_\_\_\_\_

ЖСК (жеке сәйкестендіру коды) \_\_\_\_\_

БСН (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) \_\_\_\_\_

Кбе (бенефициар коды) \_\_\_\_\_

3. Ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға жұмсалған шығындарды (өтінім берілген сэттегі)

растайтын шот-фактуралар туралы мәліметтер\*\*:

№	Шот-фактура нөмірі	Шот-фактураның берілген күні	А уыл шаруашылығы өнімнің атауы	А уыл шаруашылығы өнімінің көлемі, килограмм	Бағасы, килограмына, теңге	Құны, теңге	Сатушының атауы және ЖСН/БСН
1	2	3	4	5	6	7	8

Ескертпе:

\*Бір өндеуші кәсіпорын тереңдете өндеу өнімдерінің бірнеше түрін өндірген жағдайда, өтінім өнімнің әрбір түрі бойынша жеке-жеке беріледі.

\*\* Әрбір ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші бойынша мәліметтер жеке-жеке толтырылады.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді және өзге де ақпаратты жинауға, өндеуге, сақтауға, шығарып алуға және пайдалануға келісім беремін.

Өтінім беруші 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_ сағат 00:00-де қол қойып, жіберді:

ЭЦҚ-дан алғынған деректер

ЭЦҚ қою күні және уақыты

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:

Басқарма 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_ сағат 00:00-де қабылдады:

ЭСҚ-дан алғынған деректер

ЭЦҚ қол қою күні және уақыты